

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

мен «большой привет» дегеннің орнына «көп рақмет», «дұғай сәлем» десек, үлкеннің көппен синоним болмайтынын көреміз.

Жаңалық жүргізушілері «биыл» сөзіне жақсы, тың балама деп «үстіміздегі жыл» деп айтатынды шығарды. Бұлай болса, «биыл», яғни «бұл жыл» деген сөзге «үстіміздегі жылдың» синоним болмайтынын айтуымыз керек. Егер үстімізде жыл болса, онда шартты түрде астымызда, оң қапталымыз бен сол қапталымызда да жыл болуы керек. Сондықтан, бұл тіркес «биылға» синоним емес, стильдік қате. Бұны мүлдем қолданыстан шығарып тастаған абзал болар.

Қорыта келе айтарым, тіпті сөздіктер ішінде де сөздердің жұмсалыуына, бір-бірін алмастыруына байланысты ала-құлалық көп. Синоним деп алмастыра берген сөздер тіліміздегі сөздердің мағыналарды өзгертіп жібереді. Оның кесірі ертең қазақ тілін үйренуші шетелдіктерге көп тиетіні анық. Әр мағынаның нақты қандай сөзбен тіркесе алатындығын айқындасақ, тіліміз біраз реттеліп, жүйеленіп қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: оқулық. – 2-бас. – Алматы: Эверо, 2014. – 43 б.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 165 б.
3. <https://ult.kz/post/rayymbek-audanynda-zhas-mamandarga-109-turgyn-uy-salynyp-zhatyr>
4. <https://astanatv.kz/kz/news/8426/>
5. <https://kaz.nur.kz/sport/1798229-lttar-ligasy-portugalia-men-gollandia-finalda-kezdsetin-boldy/>
6. <https://aimak.com.kz/?p=19054>
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том: А - Б /құрастырушылар: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б.; - Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 104, 110 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том: Ж - Ж /құрастырушылар: Ж. Коңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 159 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том: О - С /құрастырушылар: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Қ. Күдерінова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 24 б.
10. <https://bilimainasy.kz/%d1%88%d0%b8%d1%80%d0%b5%d0%ba%d2%93%d0%b0%d1%81%d1%8b%d1%80%d1%82%d0%be%d0%b9%d1%8b%d0%bd%d0%b0%d0%b0%d1%80%d0%bd%d0%b0%d1%83/>

ӘОЖ 81`42

ҒЫЛЫМИ МӘТІНДЕГІ КӘСІБИ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Серикова М.С.

moldir.serikovas01@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Мәтін – өзіндік ерекшеліктерге, заңдылықтарға ие аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе. Сол арқылы түгел тілдік бірліктер іске қосылатындықтан, ол ерекше күрделі тілдік таңбаға жатады. Соған сәйкес мәтінді талдау мен мәтінді тану, оның түзілімі мен құрылымын саралау, мәтінжасам барысындағы тілдік бірліктердің қызметін анықтау өзекті мәселе.

Ғалымдар мәтіннің өзіне ғана тән болмысы мен қасиетін зерттеуге ұзақ ғасырлар бойы ұмтылып келе жатса да, оның қазіргі күн талабынан зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары әлі де көп. Бұл бағытта жаңадан қалыптаса бастаған қазақ мәтіні лингвистикасы жас болса да біраз тәжірибе қалыптасты. Ол еңбектер қазақ тіл білімінде соңғы он жылдағы зерттеулерді қамтиды. Қазіргі ғылымның тоғысқан, жаңа салаларының пайда болып жатқан кезеңінде қазақ мәтіні лингвистикасы мәселелерін жан-жақты зерттеу аса қажет.

Мәтін танушылар көркем мәтінді, көркем мәтіндердегі тілдік бірліктерді авторлық стильдік мақсаттарға орай шебер қолдануы тұрғысынан қарастырып келеді. Бұл мәселелер тек мәтіннің көркем мәтін түріне қатысты зерттеулер. Ал ғылыми мәтін мен оның негізгі ұғымдары, өзіне тән ерекшеліктері туралы мәселелерді зерттеу кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады. С.Қоянбекованың мақаласында ғылыми стиль талабынан туындайтын ғылыми мәтінге тән кейбір тұстар, ғылыми сөйлеудегі тілдік құралдардың қолданылу ерекшеліктері жалпылама тұрғыда баяндалған [1, 36-40]. Егер мәтіннің көптүрлілігі мен көпқырлылығын ескерсек, ғылыми мәтін де өз кезегінде барлық мәтін типтеріне қолданылатын жалпы заңдылықтардан тыс болмауымен қатар, өзіндік мағыналық сипатымен де, сондай-ақ баяндау тәсілдерімен де ерекшеленетінін ұмытпаған жөн.

Профессор А.Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік мәтіндердің абзацтарға тән функционалды-мағыналық топтарының статистикалық ерекшеліктерін анықтаса, А.И.Тілембекова ғылыми-техникалық мәтіндердің лингвопрагматикалық құрылымын айқындауға үлесін қосты. Ғылыми тіл құрылымын анықтап, ғылыми мәтіннің стилистикасын қарастыруда ғалым С.Әлісжановтың еңбегі ерекше аталады. Алайда ғылыми мәтіннің барлық ауқымды жақтарын тануда, негізгі ұғымдары мен өзіне тән ерекшеліктерін түсінуде, коммуникативтік құрылымын айқындауда бұл еңбектердің аздық етері сөзсіз. Сондықтан ғылыми мәтіндердің құрылымын, өзіне тән ерекшеліктерін, әдеби тілге қызмет етуін зерттеу тілші-ғалымдарға жүктелген алдағы уақыттың үлкен еншісі.

Ғылыми тілдің негізгі принциптері – ықшамдылық, дерексіздік, дәлдік болып табылады. Бұлар ойлаудың ғылыми түріне және мәтінді оны қабылдаушымен байланысына тән белгілер. Ғылыми мәтін авторы үнемі өзі тақырып етіп алып отырған проблеманы, яғни сөйлеу тақырыбын толық баяндап шығуға ұмтылады, дегенмен осы тұста авторлардың үддеден шығуы әрқалай болып келеді. Ғылыми мәтінде рационалды бағыт үстем тұрады, ол өзінің кең көлемділігімен, талдап қорытушылығымен, логикалық құрылымымен ерекшеленеді.

Ғылыми мәтінде сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болып, дәлдікке ерекше мән берілді. Мұның өзі ғылыми мәтіннің мамандандырылған ақпарат беру не қабылдау жағынан өзге де коммуникацияның түрінен (көркем дискурс, публицистикалық дискурстан) ерекше екенін көрсетеді [3,12].

Бірінші жақтық тұлға бейтараптанады, баяндаушы көбіне ырықсыз етіс тұлғасында болады: *жасалды, көрсетілді, анықталды, айқындалды т.б.* Ондай болатын себебі, ғылыми мәтіндегі сөздер нақты жағдаяттағы сөзден, я болмаса жалпы тілдік мағынасынан дерексіздену арқылы ерекшеленуге тырысады. Құбылыстың, заңдылықтың объективтілігін көрсету, өзінің ой-пікірін субъективті етіп көрсету үшін автор ғылыми мәтінде өзін-өзі шеттетуге тәсілін жоғарыда айтылған тілдік-прагматикалық құралдардың көмегімен іске асырады. *Сондай-ақ деп айтуға болады, деп бағаланады, осылай деуге негіз бар т.б.* тәрізді тілдік құралдар автордың «тасада тұруының» өзін салғырт субъект ретінде көрсетуінің ғылыми дискурс прагматикасына тән тәсілдердің бірі.

Тіл білімінде кәсіби сөздер деп белгілі бір кәсіпке, шаруашылықтың белгілі бір саласына қатысты сөздер тобын атайды.

Қазақ тіл білімінде кәсіби лексика біршама зерттелді деп айтуға болады. Мәселен, Ж. Досқараевтың балықшылық туралы, С.К. Кеңесбаевтың кәсіби сөздерді зерттеу жайындағы, О. Нақысбековтің темекі өсіру кәсібіне байланысты, егіншілік, бау-бақша кәсібінің лексикасына арналған А. Айғабыловтың тары дақылына қатысты М. Күштаеваның

кандидаттық диссертациялары және Р. Шойбековтің қолөнер лексикасына арналған докторлық зерттеуі бар. Кәсіби сөздер және олардың түрлері жайында толық мәліметті Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков, Б. Қалиев еңбектерінен табуға болады. Кәсіби сөздер лексиканың басқа қабаттарына қарағанда диалект сөздерге де, арнаулы лексикаға да өте жақын тұрады. Диалектіге жақын болатын себебі ол белгілі бір аймақта ғана тараған, изоглостық таралу шеңбері шектеулі сөздерді қамтиды. Екіншіден, кәсіби лексиканың әдеби баламасы болмайды[5,12].

Кәсіби лексика сол кәсіппен не шаруашылықпен шұғылданатын топтың арасында жергілікті диалект секілді ауызша түрде таралып, жергілікті халық тілімен байланысты өседі. Диалектизмдер бір аймақты мекендейтін адамдардың бәріне түсінікті болса, кәсіби сөздер бір отбасының барлық мүшелеріне бірдей түсінікті болмауы мүмкін, яғни аймақтық лексиканың таралу шегі диалектіге қарағанда да шектеулі, белгілі бір кәсіппен айналысатын топтың мүшелеріне ғана түсінікті болуы әсте мүмкін.

Кәсіби сөздердің әдеби тілді дамыту мүмкіндігі бар, кәсіби сөздерден жалпы халыққа түсінікті болып келетін сөздердің сараланып шығуы мүмкін, сонымен бірге кәсіби лексика диалектілік қатарға қосылған дублеттердің іріктелуіне себепші болады. А. Айғабылов кәсіби сөздер ішінен *алмұрт, шие, қауын, қарбыз* сияқты сөздер мен осы сөздермен мағыналас *нәк–қауақ алма, жылалес, дің-діңке, дарбыз-қарбыз* сияқты сөздердің қолданылу жиілігі бірдей еместігін, алғашқы топтағы сөздердің (*алмұрт, шие, қауын, қарбыз*) кәсіби сөздер шеңберінен шығып, жалпыхалыққа түсінікті болып, әдеби тілден орын алып отырса, екінші топтағы сөздер (*нәк– қауақ алма, жыла -ілес, діндіңке, дарбыз-қарбыз*) олардың диалектілік дублетіне айналып отырғанын көрсетеді [6,6].

Ш. Сарыбаев кәсіби лексиканы жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздер және диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер деп екіге бөліп қарастырады [7, 166]. Ғалым жалпыхалықтық сипаттағы кәсіби сөздерге әдеби тілде норма болып қалыптасқан, бәріне ортақ, түсінікті, жалпыхалықтық қолданыста жүрген сөздерді жатқызса, ал диалектілік сипаттағы сөздерге жалпыхалықтық қолданыстан орын ала алмай жүрген, бірақ әдеби тілді байыту әлеуетіне ие, әдеби тілде баламасы бар кәсіби сөздерді жатқызады. Әрі қарай кәсіби лексиканы зерттеуші прогрессивті диалектілік кәсіби лексика және регрессивті диалектілік кәсіби лексика деп екіге бөліп көрсетіп, прогрессивті диалектілік кәсіби лексикаға әдеби тілді байыта алатын сөздерді жатқызса, регрессивті диалектілік кәсіби лексиканың әдеби тілде баламасы бар, сондықтан оған кіре алмайтын сөздерді жатқызады [7, 166]. Кәсіби лексика мен арнаулы лексика – ғылыми терминология да бір-біріне ұқсас және сонымен бірге бір-бірінен ажыратуға болатын белгілері бар.

Ұқсастықтары: шектеулі аймақта қолданылатын кәсіби лексика да, арнаулы лексика да жалпы халыққа түсінікті бола бермейді [8, 137]. Олар белгілі бір аймақ шегінде қолданылатын болғандықтан шеңбері тар. Кәсіби лексика да, арнаулы лексика да әдеби тілді дамытудың көзі бола алады, осылайша ол шектеуліліктен шығып, жалпыхалықтық сипатқа да ие бола алады. Ал кәсіби лексика мен терминдердің бір-бірінен айырмашылықтары: кәсіби лексиканы белгілі бір ғылым саласындағы мамандар жасамайды, сол сөйленісте сөйлейтін тұрғындардың өздері жасаған, сондықтан да ол сол аймақтың тұрғындарына таныс болып келеді, ал терминдердің таралу аймағы жағынан шектелмейтіндігі белгілі және терминдер саналы түрде сол ғылым саласының мамандарының қатысуымен жасалады; кәсіби сөздердің белгілі бір аймақта ғана түсінікті болуы сол өңірде дамыған кәсіптің не шаруашылықтың түрімен байланысты. Кәсіби сөздердің терминдерден өзгешелігі – оның көп мағыналылығында болса, термин ретінде қалыптасқан кәсіби сөздер белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды. Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ [9,31]. Әдетте сөйлеу тілінде гипонимді қарағай деп дәлдеп айтып жатпай-ақ ағаш деген гиперониммен айта беруге болады. Ал терминдерді қолдануда мұндай еркіндік болмайды. Уәждемелі айқын терминдер бұған қарағанда нақтырақ болады, себебі оның мағыналық құрылымында айырым белгілері анық көрініп тұрады[9,262].

Географиялық ортаның, ауа райының этнос мәдениетінің қалыптасуына тигізген әсерін көшіп-қонуға ыңғайлы жылжымалы баспанасы - киіз үйінен, киіз үйдің әр түрлі мақсатта пайдаланатын түрлерінен, оның құрастырмалы бөлшектері мен жасау-жиһаздарынан байқалады. Мысалы, **түндік** - киіз үйдің күндіз ашық тұратын, сондықтан күннің нұры мен таза ауа кіретін, түнде жауып қоятын, жел мен жаңбырды өткізбейтін, киіз үйдің шаңырақты жауып тұратын киіз жабдығы болса, **отау, қос, абылайша, шаңырақсалма** секілді үй түрлері әртүрлі мақсатқа пайдаланылған. **Отау** - отбасын құрған жастардың жасауы жайнап тұрған сәнді **үйі, қос** - жылқышылардың тігетін үйі; **абылайша** - жорықта, сапарда жүргенде пайдаланатын киіз үй т.б.

Тұрғын үйдің қоршаған ортаның әсерімен қалыптасқандығы баспананың тұрақты түрлеріне көшу барысында пайда болған жеркепеден бастап бірте-бірте жетілдіріле түскен баспана түрлері - **жертөле, қақыра, өлшек, қоржын үй, тоқалтам, тіркеспе, ауыз үй, отынхана, қойма, оттық үй, жатақ үй, қонақ үй** т.б. осы сияқты құрылыс үлгілері мен қора-қопсы түрлерінен көрінеді. Мәселен, жертөленің бір түрі деп саналатын өлшек деп аталатын баспананы алайық. **Өлшек** - Сыр бойы диқандарының егістіктің басына жаз айларына арнап тұрғызатын уақытша баспанасы. Ол жертөле үлгісімен салынады. Жертөледен айырмасы: ауылдан аулағырақ болғандықтан онда тек жаз айларында тұрған, сондықтан оның іші-сырты сыланбаған. Итарқасы ағаш бұтақтарымен, жыңғылмен, көк жантақпен жабылып, жел ұшырып кетпеу үшін үстіне әр жерден қам кесек, домбаз тасталған. Қазақ қыста отыратын жертөлени (ол жерден қазылып жасалады да, қабырғаның жартысы жер бетіне шығып тұрады) шымнан, қам кесектен, тақта тастардан соқса, оның жетілген түрі қақы- раны төрт қабырғалы етіп кіре беріс бөлмесімен қосып қамыстан, ағаш шыбықтарынан, балшықтан тұрғызған. Төбесі, іші-сырты толық сыланып, суықта оттық арқылы жылытылған. Мұның қабырғасы биіктігінен алғанда тұтастай жердің бетінде тұрады. **Бақан** - ғарыштың тұрмыстағы үлгісі - киіз үйдің басты, қасиетті атрибуты. Ол - әлем ағашының символы. Бақан әлем ағашының доминаты орнында көшпелілердің хан сайлау (мемлекеттік салтанат) дәстүрінен бастап, отбасылық, жауынгерлік, мал емдеу ғұрпында да феномендік қызмет атқарған.

Қорытындылай келе, ғылыми мәтіндегі кәсіби сөздердің сипаты нақтылығымен, дәлдігімен ерекшеленеді. Кәсіби лексика белгілі бір кәсіппене шұғылданатын адамдардың арасында жергілікті диалект секілді тарайды. Кәсіби лексиканы белгілі бір ғылыммен айналысатын адамдар жасамайды, сол шаруашылық түрімен айналысатын адамдардың арасында қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбекова С. Ғылыми стиль мәселелері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2005, №7
2. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы: Арыс, 2007
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. – Алматы, 2007
4. Есинбаева Ж. Ғылыми-көпшілік стиль: дискурстық, тілдік-стильдік талдау: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009
5. Қалиев Б. Өсімдік атауларының құрамындағы жергілікті ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. - Алматы: Ғылым, 1990.
6. Айғабылов А. Қазақ тіліндегі баубақша кәсіби сөздері (филол.ғ.к. дисс.) – Алматы, 1975.
7. Сарыбаев Ш. Диалектная лексика как источник обогащения литературного языка // Кітап: Местные особенности в казахском языке. - Алматы: Ғылым, 1990.
8. Шойбеков Р. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: филол. ғыл. д-ры дисс. – Алматы, 2006.
9. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. - Алматы: Ғылым, 2002.